ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
«ШИЕЛІ АУДАНЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР
ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
АКТИВОВ И ЗАКУПОК
ШИЕЛИЙСКОГО РАЙОНА»
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«04» 09 2018 ж./г. № 124

Шиелі кенті поселок Шиели

«Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысы мен өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау туралы» 2018 жылғы 08 тамыздағы №80 бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V Заңының 63-бабына, Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығының 61-тармақшасына және Шиелі ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №70 қаулысымен бекітілген бөлімнің Ережесіне, Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің 2018 жылғы 29 тамыздағы №15/1-17-69 санды хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Шиелі ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысын және өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау туралы» 2018 жылғы 08 тамыздағы №80 бұйрығына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

«Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің әкімшілік ғимаратын ағымдағы жөндеу» жұмыстары бойынша конкурстық комиссияның төрағасы, бөлім басшысының орынбасары Жакеев Дәуренбек Нұрбайұлының орынына конкурстық комиссия төрағасы болып Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Мақаш Мұхамедәлі Ұбайдуллаұлы болып өзгертілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.
3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

000147

Негізі: Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің 2018 жылғы 29 тамыздағы №15/1-17-69 хаты.

Бөлім басшысы **А. Төлегенов**